

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Поэтика





Мақсаты: поэтиканың басты ұғым-категорияларымен таныстырып, олардың түрлеріне тоқталу, шығарманың көркемдік компоненттері туралы түсінік қалыптастыру.

Кілт сөздер: поэтика, әдебиет теориясы, көркемдік, пафос, шығарманың көркемдік компоненттері.

Бүгін біз поэтика туралы сөз қозғаймыз. Әдебиеттің теориясын дұрыс түсіну үшін поэтика ұғымын білуге міндеттіміз. Өйткені, поэтика термині сөз өнерінің теориясындағы басты категориялардың бірі болып саналады.

Поэтика әдеби шығарманың эстетикалық қуатын, оның көркемдік мәнін – жалпы туындының құндылығын айқындап береді. «Поэтика – әдеби тек пен түрдің, ағымдар мен бағыттардың, стильдер мен әдістердің ерекшеліктерін зерделейді, сондай-ақ көркемдік тұтастықтың әртүрлі деңгейінің ішкі байланыс заңдылықтарын және олардың арақатынасын зерттейді. Оның өзі мақсатты зерттеу аспектісіне байланысты романтизм поэтикасы, романның поэтикасы немесе белгілі бір суреткердің шығармашылығының поэтикасы болуы ықтимал. Әдебиеттегі көркемдік құралдардың барлығы тілге қатысты екенін ескерсек, онда поэтика тілді зерттейтін көркемдік құралдар туралы ғылым болып анықталады (мысалы, көркем әдебиеттің тілі). Поэтиканың мақсаты – шығарма құндылығынан эстетикалық әсерленуді қалыптастыруға қатысатын текстегі элементтерді айқындап және оны жүйелеу. Мысалы, лирикалық өлеңдерде сюжет элементтері маңызды рөл атқармайды, ырғақ пен дыбыстың мәні зор, ал прозада керісінше [1]. Поэтиканың тарихы ежелгі грек философиясына барып тіреледі. Поэтика туралы алғашқы ой-тұжырымдарды гректің көрнекті философы Аристотель айтқан болатын. Жалпы, ежелде поэтика көркем шығарманы танудың, талдаудың бірден-бір саласы ретінде танылған.

Поэтиканың өзі үшке бөлінеді: макропоэтика, микропоэтика және тарихи поэтика. Жалпы поэтика, яғни макропоэтика мәтіннің үш негізін – дыбыстық, сөздік және образдық негізін зерделейді. Дыбыстық негізіне көркем мәтіндегі ырғақ, буын, бунақ, ұйқас, өлең өлшемі, дыбыс толқыны сынды ұғымдар кіреді де, оны әдебиеттанудың өлеңтану саласы арнайы зерттеу нысанына алады, яғни поэтиканың дыбыстық негіздері өлеңтану ғылымында арнайы зерттеледі. Қазақ әдебиеттану ғылымында біз академик Зәки Ахметовтің «Өлең сөздің теориясы» атты еңбегін мысалға келтірсек болады. Онда ғалым қазақ өлеңінің өзіндік жүйесін сарапқа салып, оның өзіндік ерекшеліктерін таразылайды. Абай өлеңдеріндегі формалық, мазмұндық жаңашылдықтарды талдайды. Ал поэтиканың сөздік негізі зерделенгенде оның лексикасы, морфологиясы мен синтаксисі алдымен назарға ілініп, мұндай ерекшеліктердің бәрін әдебиеттану ғылымының стилистика деп аталатын саласы арнайы саралайды. Әдебиеттанудағы стилистиканың тіл біліміндегі стилистикадан ерекшеленетінін ескеру керек. Жалпы поэтиканың үшінші тұғыры – образдық негізін зерттеген кезде біз көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесіне, мотивтер мен сюжеттерге, олардың көркем туындыдағы салмағына мән береміз.

Жеке поэтикада, яғни микропоэтикада жекелеген автордың шығармашылық әлемі немесе белгілі бір көркем шығарма, я болмаса бір циклдегі әдеби туындылар арнайы талданады. Ондағы көркем уақыт пен кеңістік мәселесі, тақырыбы мен идеясы, формасы мен мазмұны т.б. сынды көркемдік компоненттердің бәрі де терең сарапталады. Ал тарихи поэтика тарихи-салыстырмалы әдістің көмегімен әртүрлі мәдениетке тиесілі мұралардың табиғатын тануға талпынады. Олардың ортақ генетикалық бастаулары мен типологиялық ұқсастықтарын зерттейді.

Жалпы, поэтиканың басқа да түрлерін бөліп жарып көрсеткен ғалымдар бар. Мысалы, кейбір ғалымдар нормативті поэтика, теориялық поэтика, практикалық поэтика деген секілді басқа түрлерін атап өтеді. Ал енді поэтиканың әдеби мәтін алдындағы міндеттері қандай деген сұрақ туындайды. Әдеби поэтиканың алдында ең алдымен мынадай міндеттер тұрады:

- Көркем шығарманың құрылымын анықтау;
- Көркем әдеби шығармада қолданылған поэтикалық бірліктерге талдау жасау;
- Шығарманың жазылу сатыларын және ондағы авторлық ұстанымның ерекшеліктерін зерделеу;



• Көркем әдеби туындының жазылуындағы принциптер мен заңдылықтардың сырына үңілу [2].

Әдеби поэтика әдебиеттің теориясымен тығыз байланысты. Көркем шығарманың шынайы бағасын беру үшін ол әдебиеттану ғылымының теориялық негіздеріне сүйенеді, оның әдіс-тәсілдерін пайдаланады. Міне, осындай қасиетіне қарай поэтиканы кейде әдебиеттің теориясымен қатар атайды. Ал оны әдебиеттің тарихымен ұштастыратын тұстары да аз емес. Өйткені белгілі бір көркем туындының немесе қаламгердің шығармашылық зертханасына үңіліп, шынайы да әділ бағасын беру үшін ол кейде тарихи әдістер мен деректерге сүйенуге мәжбүр болады. Жалпы, поэтика риторика, лингвистика, стилистика, эстетика, аударматану, герменевтика, семиотика сынды басқа да филологиялық ғылым салаларымен тығыз байланысты. Эстетикалық әсерін сыйлайтын көркем мәтіндегі әрбір элементтің бағасын беру үшін ол аталған ғылыми салалардың жетістіктерін пайдалануы мүмкін.

Әдебиет, сөз өнері эстетикалық құбылыс болғандықтан, оның түпөзегінде пафос жатады. Пафос грек тілінен аударғанда сезім, эмоция дегенді білдіреді. Бұл туралы алғаш рет гректің ғұламасы Аристотель айтқан болатын. Пафос трагедиялық, қаһармандық, романтикалық, сатиралық, комедиялық, драмалық және сентименталдық сипатта қарастырылады. Көркем шығарманы көркем етіп тұрған белгілі бір элементтер болады. Оның өзегінде сезім жатыр десек, ал енді көркемдіктің өзіне тән белгі нышандары болады екен. Жалпы, көркемдік деп аталатын ұғымның өзі өте күрделі ұғымдар санатына жатады. Бір жағынан, көркемдікті өнер туындысына, оның ішінде әдебиетке тиесілі туынды ретінде қарастырса, екіншіден, ғылыми қауымның нысанына ілігуге тұратын құндылықтық мәні бар өнер туындысы ретінде де бағаланады. Бүгінде көркемдікті өлшеудің бірнеше критерийлері қалыптасып отыр. Ұзақ жылдар бойы көркемдіктің басты өлшемі ретінде бейнелілікті атайтын. Алайда соңғы жылдары көптеген зерттеушілер аталмыш пікірден бас тартты. Өйткені бейнелілік тек көркемдік сипатта ғана емес, иллюстративті немесе фактографиялық тұрғыдан да көрінуі мүмкін. Сондықтан образды туынды қай кезде де көркем өнерге қатысты бола бермеуі мүмкін.

Ал көркемдік мән арқалау үшін мәтінде гуманизмнің болуы, эстетикалық сезімді қанағаттандыратын не оны туғызатын әсердің болуы, өмірлік шынайылық, суреттелер дүниенің тереңдігі мен кең ауқымдылығы, жазушы қиялының кеңдігі мен ойының тереңдігі, жинақтаудың, яғни типтендірудің шебер үлгісінің болуы, сюжет құраудағы шеберлік пен кейіпкерлер болмысын сомдаудағы кәсібилік, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесіндегі қалтарыс-бұлтарыстардың ашылуы мен көркем әдеби тілдің бай болуы т.б. сынды көптеген критерийлер қажет болады. Міне, осыдан да көркем әдебиет өте күрделі құбылыс болып саналады. Онда қаламгердің эстетикалық идеалдары мен құндылықтар жүйесі, ішкі тебіреністері мен сезімдері жатады. Ал осының бәрін ашып беру үшін қаламгер сөзге жүгінеді. Сөз арқылы сурет салып, оқырманның қиялын қозғайды. Жазушының шығармасы басқа өнер түрлері секілді сезім мүшелеріміз арқылы әсер етпеуі мүмкін. Көркем шығарманы қолмен ұстап, дәмін сезе алмаймыз, ол арқылы құлақ құрышымызды қандырып, көркемдігін бірден көре алмаймыз. Оны театр, кино, кескін өнері, мүсін өнері секілді өнер түрлерінен ерекшелеп тұратын да осы қасиеті. Алайда көркем әдебиет өнерінің құдіреттілігі сол, оқырман көркем шығарманы оқып отырып қиялға шомып, осының бәрін өз жүрегінен өткізіп отырады. Әдеттегі басқа өнер түрлері бере алмаған эстетикалық әсерді сөз өнерінің бере алуы сондықтан. Жазушы жалпы адамзаттық құндылықтарды арқау етіп, жақсылық пен жамандықтың мәңгілік тартысын шығарма өзегіне аналдыруы мүмкін. Сол арқылы оқырман тарихи шежіре мен ұрпақтар сабақтастығын, ұлттық бірегейлік пен мәдени даралықты, дәуірдің шындығы мен қоғамдық сананың шындығын тануы мүмкін. Тек бұларды ғана емес, біз осы арқылы автордың да жеке тұлғасын, оның құндылықтар жүйесін тани аламыз. Ал қаламгерлердің назарында үнемі жеке тұлғаның болмысы, оның ішкі әлемі, адамның сүйініші мен күйініші, қуанышы мен қайғысы, арманы мен аңсары басты орында тұрады. Адамның тағдыры осылайша бар өнердің өзегіне айналмақ.

Әдебиеттанудың зерттеу нысаны көркем мәтін болса, мәтіннің өзін әр қырынан зерделеуге болады. Мысалы, семиотиктер таңбалық сипатын қарастырса, лингвистер тілдік сипатын, ал әдебиеттанушылар көркемдігін назарда ұстайды.



Поэтика көркем шығарманың эстетикалық әсерін күшейтуге қатысатын элементтердің салмағын өлшеп, бағамын береді дедік. Жалпы, поэтиканың тұтас табиғатын бір дәрістің көлемінде ашып беру мүмкін емес. Дегенмен оның көркем шығарманың компоненттеріне үңілетінін ескере келіп, шығарманың композициялық құрылымдарын санамалап өтуді жөн көрдік. Ең алдымен, көркем шығарманың сыртқы композициялық компоненттеріне ден қою керек. Оларға шығарма атауы, авторлық арнау, эпиграф, арнау, алғысөз, кіріспе, бөлімдер мен тараулардың атаулары, прозалық мәтінге енгізілген өлең, құжаттар, эпилог, соңғы сөз жатады. Екінші, сюжет пен фабуланың жүйесіне мән берген жөн. Аристотель заманынан бергі сюжеттің даму иерархиясы белгілі. Жалпы, сюжеттің құрылымы туралы айтқан кезде біз шығарманың прологі, экспозициясы, шарықтау шегі, шешімі және эпилог сынды бөлшектеріне мән береміз. Үшіншіден, көркем шығарманың уақыт пен кеңістік жүйесіне назарда ұстаған жөн. Өйткені, аталмыш категориялар туындының поэтикалық салмағын арттыруда айрықша рөл ойнайды. Профессор Т. Есембеков өзінің «Көркем мәтін теориясы» деп аталатын еңбегінде уақыт пен кеңістіктің мынадай түрлерін атап көрсетеді:

Кеңістік түрлері:

- а) вертикаль кеңістіктер: жоғары, орта, төмен;
- ә) горизонтальдық кеңістіктер: дүниенің төрт бұрышы – оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс;
- б) геометриялық фигуралар пішіндес кеңістіктер: шеңбер, үшбұрыш, квадрат, шар т.б.
- в) алыс және жақын кеңістіктер;
- г) шексіз және тұйықталған кеңістіктер;
- д) динамикалық (жол, өзен), статикалық (тау, көл, мола) кеңістіктер;
- е) фантастикалық, көзге көрінбейтін (рухани әлем, сезім кеңістігі), виртуалдық т.б. кеңістіктер;
- д) онейрикалық кеңістіктер (түс көру, қиял әлемі т.б.);

Уақыт түрлері:

- а) тарихи, реалды уақыттар: өткен, осы, келер шақ;
- ә) қоғамдық-әлеуметтік уақыт: олардың қалыптасу, өзгеру, ауысу уақыты;
- б) мифологиялық уақыт;
- в) фантастикалық, онейрикалық уақыттар (ертегілік, түс көру, елес, армандау)
- г) сюжеттік-фабулалық уақыт, персонаждық уақыт; ретроспекция (лирикалық, пейзаждық, оқиғалық шегіністер), ретордация (уақытты баяулату, созу).
- е) уақытсыздық [3].

Төртінші, көркем мәтіндегі образдар мен персонаждар жүйесі қаперде тұруға тиіс. Персонаждар жүйесі образ, мінез (характер), қаһарман, тип болып бөлінеді. Ғалымдар образдарды ғылыми-суретті, фактографиялық және көркем образ деп ажыратады. Образ – кейіпкер, тұлға, қаһарман. Образдар нақты болмысқа қатынасына қарай шартты, нақты, абстрактілік, романтикалық, модернистік, ал тақырыбына сәйкес образ-адам, образ-зат, идея, сезім, бояу, дыбыс т.б. деп бөлінеді. Портрет, пейзаж, психологиялық параллелизм, диалог, монолог т.б. түрлі көркемдік тәсілдердің образдың мінез-құлқын, ішкі жан дүниесін, рухани әлемін және ол тіршілік ететін ортамен тартыс табиғатын ашудағы қызметі айрықша. Ішкі монолог ширыға келіп кейде сана ағымына ұласып кетеді. Көркем шығармадағы жинақтау – типке, даралау мінездеуге әкеледі. Образдар әдіс тұрғысынан – романтикалық және реалистік образ; әдеби тек тұрғысынан – лирикалық, эпикалық, драмалық образдар; жасалу тәсілі жағынан – юморлық, сатиралық, қаһармандық, трагедиялық, фантастикалық, реалистік образдар болып бөлінеді. Туындыдағы портрет және табиғат суреттеріне психологиялық, философиялық, тұрмыстық сипаттағы түрлі көркемдік міндеттер артылады. Ал көркемдік деталь микрообраз қызметін атқарады [4]. Бесінші, шығарманың баяндау жүйесіне көңіл бөлінеді. Әдетте шығарма I жақтан авторлық баяндау түрінде жазылады, я болмаса III жақтан баяндалады. Алтыншы, тақырыптар мен мағыналар композициясына ден қоямыз. Көркем мәтін субъективтік-мағыналық (идея)



және объективтік-заттық (тақырып) құрамдардан тұрады. Көркем мазмұн образды пішін түрінде көрінеді. Ол мазмұн мен көркемдік мағыналарды құрайтын компоненттерден (тақырып, проблематика, ойтүрткі, идея) тұрады. Тақырыптың өзі мотивтерден құралады, олардың орналасу, байланысу дәрежелеріне жазушы ерекше мән беріп отыруға тиіс. Махаббат тақырыбы кездесу – танысу – тану – табысу – айырылысу сияқты басты мотивтерден тұрады. Бұлар мәтінде әртүрлі ретпен, тәртіппен орналастырылады. Егер мотив көркем мәтінде көп қайталанса, онда лейтмотивке айналады [3]. Әдеби шығармалардағы тақырыпты талдау барысында оны шартты түрде екіге жіктеуге болады: мәңгілік және тарихи тақырыптар. Нақты-тарихи тақырыптар белгілі бір елде әлеуметтік-тарихи жағдайлар нәтижесінде туған оқиғаларды суреттейді. Олар нақты сол тарихи уақыттың шеңберінен тыс қайталанбайды. Мысалы, жоңғар шапқыншылығы, репрессия мен аштық тақырыбы, Ұлы Отан соғысы тақырыптары. Мәңгілік тақырыптар түрлі ұлттардың тарихында, барлық дәуірлер мен кезеңдерде, түрлі ұрпақтың өмірінде кездесе беретін, қайталанатын жағдайларды қамтиды. Мысалы, әке мен баланың қарым-қатынасы, ұрпақтар сабақтастығы тақырыбы, махаббат пен достық немесе еңбект тақырыптары. Кейде әдеби шығармадағы тақырыптар жүйесі нақты-тарихи және мәңгілік мәселелерді де бірдей қамтуы мүмкін. Мысалы, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы, М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы, Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы [4].

Идея дегеніміз – автордың тақырыпты түсінуі және оны басқаларға түсіндіру жолындағы іс-әрекеті. Әдеби мәтіндегі бірнеше идея мен негізгі ойлар қосылып шығарманың идеялық концепциясын құрайды. Көркем мәтінде автордың назарын ерекше аударған мазмұнның мәселелері бірігіп проблематика құрайды. Тақырып, проблематика, идеялық-эмоциялық бағалау қосылып, көркем шығарманың идеялық жүйесін құрайды. «Қарапайым сөзбен айтсақ, жазушы өз шығармасы арқылы нені айтқысы келсе, ол – мазмұн, оны қалай жасауы – пішін болады. Мазмұн мен пішін ұғымдарын әдебиеттің теориялық түсініктеріне сәйкестендірсек: шығарма мазмұны – тақырып пен идея, авторлық концепция, пішін – образдар жүйесі, сюжет, композиция, көркем шығарманың тілі» [4]. Жетінші, көркем мәтіннің жанры мен стилін сарапқа саламыз. «Жанр түзетін белгілер жөнінде пікірлер көп. Бірақ оларды саралай келгенде мынадай мәселелерге тоқталған дұрыс:

- а) шығарма мазмұны (тақырып, проблематика)
- ә) баяндау тәсілі, оқиғаларды бейнелеу амалы, персонаждар жүйесі мен образдар әлемі;
- б) автордың көркем материал мен ақпарат, бейнелеу нысанына қатысты ұстанымы;
- в) тартыс табиғаты, олардың сюжеттік шешімі;
- г) туындының пафосы;
- д) көркемдік бейнелеу құралдары;
- е) стильдік мәнері мен машығы.

Жалпы мағынада стильдің мына мәселелермен байланысы қамтылады: әдеби бағыт, ағым, әдеби мектеп, әдеби кезеңге тән стиль, ойлау стилінің түрлері, ұлттық әдебиет стилі, көркем әдебиеттегі шығыс немесе батыс стилінің көріністері. Стиль ұғымына қарсы стильсіздік деген де түсінік бар. Екі ортада жүретін стилизация (еліктеу), эпигондық, эклектика (өз стилін таба алмау) деген сөздер де бар.

Жазушының немесе бір шығарманың жеке стилін қарастыру оның лексикасын (эпитет, теңеу, айшықтау т.б.), синтаксистік құрамын ғана емес, сонымен қатар көркем мәтіннің ырғағын, композициялық ерекшеліктерін, образдар әлемінің қыр-сырын, психологиялық табиғатын талдау деген сөз [3].

Міне, жоғарыда аталған көркем шығарманың компоненттері оның эстетикалық әсерін күшейтіп, көркемдік қуатын арттыратын басты ұғымдар болып саналады. Егер біз аталмыш ұғым-категориялардың мәнін жете түсінсек, шығарманың поэтикалық қуатына белгілі бір деңгейде баға бере аламыз. Жоғарыда тілге тиек етіп өткеніміздей, поэтиканың табиғатын бір дәріс аясында ашып беру мүмкін емес. Дегенмен басты-басты ұғымдар туралы тұщымды тұжырымдар мен түсініктер бердік деп ойлаймыз.



Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Поэтика нешеге бөлінеді?
2. Сөз өнерінің басқа өнер түрлерінен айырмашылығы неде?
3. Көркемдік ұғымының мәнін ашып беріңіз.
4. Образдың түрлеріне тоқталыңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.
2. Темирболат А. Поэтика литературы: Учебное пособие / Темирболат А.Б. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 168 с.
3. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
4. Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе: оқу құралы / Қ.Т. Жанұзақова. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013. – 251 бет.